



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40 үй)

**«КАЗКОММЕРЦБАНК»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

(Қазақстан Республикасы, А15Е4D4, Алматы қ., Бостадық ауд., Гагарин даңғ., 135 «ж»)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ЖӘНЕ «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІ
ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 51-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі және «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40 үй, конференц-залы мекенжайында 2018 жылғы 20 сәуірде сағат 12:00-ден 13:00-ге дейін (алматы уақыты бойынша) өткен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) дауыс беру қорытындылары туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енген мәселелер және дауыс беру қорытындылары нәтижелері) көрсетілген акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер:

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және дауыс беру қорытындысы (нәтижесі):

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі белгілеген («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2018 жылғы 20 ақпандағы № 14 хаттамасы) және «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесі белгілеген («Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2018 жылғы 22 ақпандағы № 2.6 хаттамасы) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі бірлескен жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 989 201 474. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 9 652 203 290 болды. «Жақтаушылар» – 9 652 203 290, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 2 902 362 029. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 2 819 423 070 болды. «Жақтаушылар» – 2 819 423 070, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім жиналыста өкіл етілген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акциялары жалпы санының көпшілік даусымен және жиналыста өкіл етілген «Казкоммерцбанк» АҚ дауыс беруші акциялары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданды.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының Есеп комиссиясының сандық құрамын және уәкілеттік мерзімін анықтау, оған мүшелерді сайлау туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және дауыс беру қорытындысы (нәтижесі):

1) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының Есеп комиссиясының сандық құрамын анықтау – 7 (жеті адам);

2) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының Есеп комиссиясының уәкілеттік мерзімін анықтау – 1 (бір) жыл;

3) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мүшелері ретінде және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың және «Казкоммерцбанк» АҚ-тың есеп комиссияларының мүшелерін сайлау, яғни:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының **Есеп комиссиясының Төрайымы** болып:

Разумова Ильмира
Арслановна

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Топ капиталын басқару
департаменті Меншікті капитал басқармасының басшысы;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының **Есеп комиссиясының мүшелері** болып:

Бородовицына Анна
Васильевна

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Топ капиталын басқару
департаментінің директоры;

Хмыз Елена

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Топ капиталын басқару

Александровна

департаментінің бас менеджері;

Илюсинов Габбас

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Топ капиталын басқару

Мальгаджиевич

департаментінің аға менеджері;

Мадазимова Гульзия

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Топ капиталын басқару

Сейдахметовна

департаментінің аға менеджері;

Бектемисов Азиз

«Казкоммерцбанк» АҚ Топ капиталымен және еншілес

Кайратович

ұйымдарымен жұмыс басқармасының бас менеджері;

Алимханова Руфия

«Казкоммерцбанк» АҚ Топ капиталымен және еншілес

Амировна

ұйымдарымен жұмыс басқармасының аға менеджері;

4) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысына қатысушылардың өкілеттігін және тіркелуін тексеруге, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысы кворумының болуын анықтауға, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысы күн тәртібінің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы» бірінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындыларын шығаруға және дауыстарды санауға байланысты «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ есеп комиссияларының мүшелерінің іс-қимылын мақұлдау.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 989 201 474. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 9 652 203 290 болды. «Жақтаушылар» – 9 652 203 290, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 2 902 362 029. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Казкоммерцбанк» АҚ

акционерлерінің жалпы дауыс саны – 2 819 423 070 болды. «Жақтаушылар» – 2 819 423 070, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акциялары жалпы санының көпшілік даусымен және дауыс беруге қатысатын «Казкоммерцбанк» АҚ дауыс беруші акциялары жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ біріктіру нысанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және дауыс беру қорытындысы (нәтижесі):

Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі бірлескен жалпы жиналысының шешімінде анықталған тәртіпте және шарттарда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ біріктіру нысанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ң орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40 үй) және «Казкоммерцбанк» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ-ң орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А15Е4D4, Алматы қ., Бостандық ауд., Гагарин даңғ., 135 «ж» үй) ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізу;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ біріктіру нысанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыру шеңберінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен «Казкоммерцбанк» АҚ арасында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, өткізу актісін бекіткен күннен бастап «Казкоммерцбанк» АҚ-тың мүлкі (құқықтары мен міндеттері) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа өтетінін белгілеу;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрайымы Шаяхметова Үміт Болатханқызына (немесе «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының міндеттерін атқарушы тұлғаға) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ біріктіру нысанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы өтінішхатқа, сонымен қатар аталған ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізу процесіндегі барлық қажетті өзге құжаттарға қол қоюға және оларды барлық тиісті уәкілетті органдар мен ұйымдарға беруге және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ атынан өзге, оның ішінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ біріктіру нысанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыруға байланысты заңнамада көзделген іс-әрекеттерді орындауға уәкілеттік беру;

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың Басқарма Төрағасы Ульф Вокуркаға (немесе «Казкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасының міндеттерін атқарушы тұлғаға) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ біріктіру нысанында «Казкоммерцбанк» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы өтінішхатқа, сонымен қатар аталған ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізу процесіндегі барлық қажетті өзге құжаттарға қол қоюға және оларды барлық тиісті уәкілетті органдар мен ұйымдарға беруге және «Казкоммерцбанк» АҚ атынан өзге, оның ішінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ біріктіру нысанында «Казкоммерцбанк» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыруға байланысты заңнамада көзделген іс-әрекеттерді орындауға уәкілеттік беру.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 989 201 474. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 9 652 203 290 болды. «Жақтаушылар» – 9 210 741 261, «қарсы болғандар» – 366 666 909, «қалыс қалғандар» – 74 795 120, дауыс беруге қатыспағандар – 336 998 184.

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 2 902 362 029. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 2 819 423 070 болды. «Жақтаушылар» – 2 819 423 070, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 82 938 959.

Шешім «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы санынан алғанда, айқын дауыс басымдылығымен және «Казкоммерцбанк» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы санынан алғанда, айқын дауыс басымдылығымен қабылданды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Акцияларды айырбастау коэффициентін бекіту туралы. Акцияларды сатып алу тәртібі мен мерзімдері туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және дауыс беру қорытындысы (нәтижесі):

1) «Казкоммерцбанк» АҚ-тың жай акцияларын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акцияларына айырбастау коэффициентін (бұдан әрі – Жай акцияларды айырбастау коэффициенті немесе Жай акцияларды айырбастау коэффициенті (К_о)) бекіту, ол келесі формуламен саналады:

Жай акцияларды айырбастау коэффициенті =

$$= \frac{\text{«Казкоммерцбанк» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ қоспағанда) акционерлерінің пайдасына орналастырылатын (өткізілетін) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жай акцияларының саны}}{\text{«Казкоммерцбанк» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ қоспағанда) акционерлерінің иелігіндегі «Казкоммерцбанк» АҚ жай акцияларының саны}}$$

мұнда:

$$\text{«Казкоммерцбанк» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ қоспағанда) акционерлерінің пайдасына орналастырылатын (өткізілетін) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жай акцияларының саны} =$$

$$= \frac{\text{«Казкоммерцбанк» АҚ – тың әділ құны («Казкоммерцбанк» АҚ – ғы миноритарлық акционерлер үлесі)}}{\text{«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бір акциясының әділ құны}}$$

$$\text{«Казкоммерцбанк» АҚ – тың әділ құны} \left(\frac{\text{«Казкоммерцбанк» АҚ – та миноритарлық акционерлер үлесі}}{\text{«Казкоммерцбанк» АҚ – тың әділ құны}} \right) =$$

= «Казкоммерцбанк» АҚ – тың меншікті капиталы

$$\begin{aligned} & \times \text{ «Казкоммерцбанк» АҚ – ғы миноритарлық акционерлер үлесі} \times \\ & \times \text{ «Казкоммерцбанк» АҚ } P/V \end{aligned}$$

«Казкоммерцбанк» АҚ – ғы миноритарлық акционерлер үлесі =

$$= 100\% - \frac{\text{«Қазақстан Халық Банкі» АҚ иелігіндегі «Казкоммерцбанк» АҚ жай акцияларының саны}}{\text{«Казкоммерцбанк» АҚ орналастырылған жай акцияларының саны (сатып алынғандарды шегергенде)}}$$

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бір акциясының әділ құны =

$$= \frac{\text{«Қазақстан Халық Банкі» АҚ – тың әділ құны}}{\text{«Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналастырылған жай акцияларының саны (сатып алынғандарды шегергенде)}}$$

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ – тың әділ құны =

$$= \text{«Қазақстан Халық Банкі» АҚ – тың меншікті капиталы} \times \text{«Қазақстан Халық Банкі» АҚ } P/V$$

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың әділ құны және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бір акциясының әділ құны «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа тиесілі «Казкоммерцбанк» АҚ акцияларын (бұдан әрі – Иелену үлесі) ескере отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың әділ құнын көрсетеді;

Жай акцияларды айырбастау коэффициенті (K₀) «Казкоммерцбанк» АҚ-тың бір жай акциясына айырбас ретінде «Казкоммерцбанк» АҚ-тың акционерлері алатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жай акцияларының санын білдіреді;

«Казкоммерцбанк» АҚ P/V «Казкоммерцбанк» АҚ әділ құнын бағалау коэффициентін білдіреді және 1,2 мәніне сәйкес келеді;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ P/V «Қазақстан Халық Банкі» АҚ әділ құнын бағалау коэффициентін білдіреді («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың «Казкоммерцбанк» АҚ-ғы Иелену үлесін ескере отырып) және 1,5 мәніне сәйкес келеді;

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың меншікті капиталы – өткізу актісіне қол қою күнінің алдындағы айдың соңғы жұмыс күніне «Казкоммерцбанк» АҚ-тың меншікті капиталының сомасы «Екінші деңгейдегі банктердің және ипотекалық ұйымдардың баланстық шоттарындағы қалдықтар туралы есеп» 700Н нысанына сәйкес;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың меншікті капиталы – өткізу актісіне қол қою күнінің алдындағы айдың соңғы жұмыс күніне «Қазақстан Халық Банкі» АҚ меншікті капиталының сомасы «Екінші деңгейдегі банктердің және ипотекалық ұйымдардың баланстық шоттарындағы қалдықтар туралы есеп» 700Н нысанына сәйкес.

Жай акцияларды айырбастау коэффициентін санау формуласын қолдану арқылы алынған нәтижелер математикалық дөңгелектеу ережесі бойынша үтірден кейін алтыншы белгіге дейін дөңгелектенеді.

Мыналармен келіседі:

жай акцияларды айырбастау коэффициенті (К_о) өткізу актісін бекіту туралы шешім қабылдау үшін шақырылатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысын өткізу күніне есептеледі;

жай акцияларды айырбастау коэффициентін (К_о) есептеу формуласы өткізу актісін бекіту туралы шешім қабылдау үшін шақырылатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың жай акциясына айырбасталатын «Казкоммерцбанк» АҚ-тың і-акционері алатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жай акцияларының саны (бұдан әрі - «Казкоммерцбанк» АҚ-тың акционері алатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жай акцияларының саны (К_і)) келесі формуламен есептеледі:

$K_i = A_i * K_o$ Жай акцияларды айырбастау коэффициенті (К_о), мұнда:

A_і – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акцияларына «Казкоммерцбанк» АҚ-тың жай акцияларын айырбастау күніне «Казкоммерцбанк» АҚ-тың і-акционеріне тиесілі «Казкоммерцбанк» АҚ жай акцияларының саны.

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың акционері алатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акцияларының санын есептеу формуласын қолдану арқылы алынған нәтиже (К_і) математикалық дөңгелектеу ережесі бойынша бүтін санға дейін дөңгелектенеді;

2) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа «Казкоммерцбанк» АҚ біріктіру нысанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ алған жағдайда «Казкоммерцбанк» АҚ-тың жай акцияларын сатып алудың келесі тәртібі мен мерзімдерін белгілеу:

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың жай акциялары тіркелген тұлғалардың дербес шоттарынан есептен шығарылуы және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың дербес шотына есепке жатқызылуы тиіс;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялары Жай акцияларды айырбастау коэффициентінің (К_о) негізінде анықталған санда жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің дербес шотынан және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің дербес шотынан есептен шығарылуы және бұрын «Казкоммерцбанк» АҚ жай акцияларының ұстаушылары болып табылған тіркелген тұлғалардың дербес шоттарына есепке жатқызылуы тиіс.

Жай акцияларды айырбастау коэффициентінің (К_о) негізінде анықталатын санда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа тиесілі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялары «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың сатып алынған жай акцияларының дербес шотына есепке жатқызылмайды және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жарияланған жай акцияларының шотында қалады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ өткізу актісіне қол қойған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесінде қажетті іс-әрекеттер жасау үшін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-қа тиісті бұйрық жібереді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 989 201 474. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 9 652 203 290 болды. «Жақтаушылар» – 9 210 688 691, «қарсы болғандар» – 366 719 479, «қалыс қалғандар» – 74 795 120, дауыс беруге қатыспағандар – 336 998 184.

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 2 902 362 029. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 2 819 423 070 болды. «Жақтаушылар» – 2 819 423 070, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 82 938 959.

Шешім «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы санынан алғанда, айқын дауыс басымдылығымен және «Казкоммерцбанк» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы санынан алғанда, айқын дауыс басымдылығымен қабылданды.

5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамына «Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамын біріктіру шартын бекіту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және дауыс беру қорытындысы (нәтижесі):

«Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамына «Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамын біріктіру шартын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің осы бірлескен жалпы жиналысында қарауға ұсынылған редакцияда бекіту.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 989 201 474. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 9 652 203 290 болды. «Жақтаушылар» – 9 210 688 691, «қарсы болғандар» – 366 719 479, «қалыс қалғандар» – 74 795 120, дауыс беруге қатыспағандар – 336 998 184.

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 2 902 362 029. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелген «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің жалпы дауыс саны – 2 819 423 070 болды. «Жақтаушылар» – 2 819 423 070, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 82 938 959.

Шешім «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы санынан алғанда, айқын дауыс басымдылығымен және «Казкоммерцбанк» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы санынан алғанда, айқын дауыс басымдылығымен қабылданды.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі
«Казкоммерцбанк» АҚ
Директорлар кеңесі**